

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен бақылау комитетімен

2013 жылдың "31" қаңтарында

келісілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен бақылау комитетінің Төрағасы

К.Б. ҚОЖАХМЕТОВ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесі шешімімен

(2012 жылдың 14 желтоқсанындағы
№ 30 отырыс хаттамасы)

бекітілген

2013 жылдың 21 ақпанынан бастап

қолданысқа енгізілді

Сараптық комитет туралы
ҚАҒИДА

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтырулар мен өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2013 жылдың 30 қазанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі № 23 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2013 жылдың 18 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 02 шілдесіндегі "Бағалы қағаздар нарығы" № 461-II заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес және Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу жөніндегі Агенттігі Басқармасының 2008 жылдың 28 қарашасында № 196 қаулысымен бекітілген, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасалған мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалған деп мойындау және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалған деп мойындау мәселесі жөніндегі қор биржасының директорлар кеңесінің жұмысын және оның сандық құрамын қалыптастыру Ережелеріне (бұдан әрі – Мойындау ережелері) және, Биржалық кеңестің шешімімен (2011 жылдың 31 наурызындағы № 07 хаттама) бекітілген, "Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі" атты (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжатынасәйкес жасалды, және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) Сараптамалық комитетінің міндеттерін, функциясын, құрылымын, уәкілеттілігін, жауапкершілігін және қызметін жүзеге асыру тәртібін анықтайды¹.

1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Қағидада "күмәнді мәміле" ұғымы (Биржаның "Қадағалау бөлімі туралы Қағида" атты ішкі құжатында анықталғандай) және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында, атап айтқанда Әдістеме және Қадағалау бөлімі туралы Қағидада анықталған ұғымдар қолданылды.
2. Осы Қағиданың мақсаттары үшін мүдделер қарама-қайшылығы деп қандай да бір ұйымның қатысушысы (ірі акционері), лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе аффилиирленген тұлғасы болып табылатын Биржаның Сараптық комитеті мүшесінің мүддесі оның Комитеттегі қызметі барысында тәуелсіз және объективті болуына қайшы келетін жағдайларды түсінеміз. Егер өзгесін Комитет жеке немесе жалпы жағдайларда анықтамаса, мүдделер қарама-қайшылығы Комитет мүшесі келесілердің қатысушысы (ірі қатысушысы), лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе аффилиирленген тұлғасы болып табылады деп мойындалады:
 - 1) күмәнді мәміле тарабы болып табылатын Биржа мүшесінің, осы мәміле туралы есеп беруді Комитет қарастырады; және/немесе;
осы Биржа мүшесіне қатысты еншілес ұйым немесе тәуелді акционерлік қоғам болып табылатын ұйымның;
аталмыш Биржа мүшесі еншілес ұйымы немесе оған тәуелді акционерлік қоғамы болып табылатын ұйымның; және/немесе
аталмыш Биржа мүшесімен бірлесіп үшінші ұйымның еншілес ұйымдары немесе тәуелді акционерлік қоғамдары болып табылатын ұйымдардың;
 - 2) күмәнді мәміле туралы есеп беруді Комитет қарастыратын, осы мәміленің мәні болып табылатын бағалы қағаздар эмитентінің (бағалы қағаздардың негізгі активі); және/немесе;
осы эмитентіне қатысты еншілес ұйым немесе тәуелді акционерлік қоғам болып табылатын ұйымның;
аталмыш эмитент еншілес ұйымы немесе оған тәуелді акционерлік қоғамы болып табылатын ұйымның; және/немесе
аталмыш эмитентпен бірлесіп үшінші ұйымның еншілес ұйымдары немесе тәуелді акционерлік қоғамдары болып табылатын ұйымы болған жағдайларды түсінеміз.
3. Осы Қағиданың мақсаттары үшін мәмілелер деп бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің тек Биржа өткізген сауда-саттықтарда жасалған мәмілелерді түсінеміз.
4. Комитет Биржаның тұрақты құрылымнан тыс кеңес беру органы болып табылады, оның негізгі мақсаты мен қызметі:

¹ Соның ішінде Қор биржасының бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің айла-шарғы мақсатында жасалғандығын мойындау мәселесі жөніндегі қор биржасының комитеті ретінде де, оны құру Заңның 56 бабында және Мойындау Ережелерінің 8 тармағында қарастырылған.

- 1) Заңның 56 бабы 3 тармағына сәйкес - бағалы қағаздар нарығында мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалды деп мойындау мәселелері бойынша сараптамалық тұжырымдарды дайындау болып табылады;
 - 2) Әдістемеге сәйкес – Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ олардың нарықтық бағалауын жүзеге асыру мақсатында қосалқы топтарға бөлу, осындай қосалқы топтардың санын, олардың шекаралық мәндерін (өтелуіне дейін күндермен), сондай-ақ, әр осындай топтарға кірістілік қисығының функциясын анықтау үшін қолданылатын, полиномиалды тренд теңдеулерінің түрлері мен дәрежелерін анықтау.
5. Комитеттің бағалы қағаздар нарығында мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалды деп мойындау мәселелері бойынша дайындаған сараптамалық тұжырымдары (бұдан әрі – Комитет тұжырымдары) бағалы қағаздар нарығында мәмілелердің айла-шарғы мақсатында жасалды деп танылғандығын және/немесе танылмағандығын білдірмейді, сондай-ақ Биржаның ұсыныстары да бағалы қағаздар нарығында мәміленің айла-шарғы мақсатында жасалды деп танылғандығын және/немесе танылмағандығын білдірмейді.
- Комитет тұжырымының мақсаты қандай да бір мәміленің бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы мақсатында жасалды деп мойындауға қажетті және жеткілікті негіздің бар-жоғына қастысты өз пікірін білдіру болып табылады.
- Комитет тұжырымдары Биржалық кеңеспен бекітуге жатады және содан соң бағалы қағаздар нарығында мәміленің айла-шарғы мақсатында жасалды деп тану туралы шешім қабылдау үшін Уәкілетті органға жіберілуі тиіс.
- Биржалық кеңеспен бекітілген Комитеттің тұжырымдамасы бар күмәнді мәміле туралы есеп берушілікті Комитетпен қайта қарау тек Уәкілетті органның тиісті жүгінуі бойынша жүзеге асырылады (*осы абзац Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген*).
6. Комитеттің жұмыс органдары:
- 1) бағалы қағаздар нарығында мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалғандығын мойындау сұрақтары бойынша – Биржаның Қадағалау бөлімі (бұдан әрі – Бөлім);
 - 2) Қазақстан Республикасы индекстелінбеген МБҚ нарықтық бағалауын жүзеге асыру мақсатында олардың параметрлерін анықтау мәселесі жөнінде – Ақпарат және талдау Департаменті (бұдан әрі – Департамент).
1. Комитет қызметін жүзеге асыру барысында Бөлім, Комитет мүшелері және Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басуға өкілденген тұлғалар арасындағы қашықтықтан қарым-қатынас жасау құралы электронды пошта болып табылады.
 2. Комитет мүшелеріне және Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басатын тұлғаларға электронды пошта арқылы хабарлама жіберу мақсатында, Бөлім Комитет мүшелері мен аталған тұлғалар ұсынған электронды пошта мекен-жайларын қолданады.
 3. Бөлімге электронды пошта арқылы хабарлама жіберу мақсатында Комитет мүшелері және Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басатын тұлғалар тек бір ғана электронды пошта мекен-жайын - surveillance@kase.kz, қолдануға құқылы; Департаментке электронды пошта арқылы хабарлама жіберу үшін – info@kase.kz мекен-жайын қолданады.

2 тарау. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ. САРАПШЫЛАР (МАМАНДАР)

7. Комитет құрамына²:
 - 1) Уәкілетті органның екі өкілі (бұдан әрі әрқайсысы жеке-жеке – Уәкілетті органнан Комитет мүшесі немесе Уәкілетті органның Комитеттегі өкілі);

² Мойындау Ережелерінің 9 тармағына сәйкес.

- 2) бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастыру сұрақтарына жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының бір мүшесі;
 - 3) Биржалық кеңестің екі мүшесі (бұдан әрі жеке-жеке – Биржалық кеңестен Комитет мүшесі);
 - 4) Бөлім бастығы;
 - 5) "Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясы" Заңды тұлғалар бірлестігінің өкілі (бұдан әрі – Ассоциациядан Комитет мүшесі немесе Ассоциацияның Комитеттегі өкілі) кіреді.
11. Комитет құрамы Биржалық кеңес шешімімен бекітіледі, бұл ретте:
- 1) Уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіпте дербес түрде Комитеттегі өзінің өкілдерін анықтайды;
 - 2) Комитет мүшесі – Биржа Басқармасының мүшесі (бұдан әрі – Биржа Басқармасынан Комитет мүшесі) лауазымы бойынша (аталмыш Басқарма мүшесінің Бөлімнің жұмысын үйлестірілуін және бақылануын жүзеге асыруына байланысты) Комитет мүшесі болып табылады;
 - 3) Биржалық кеңестен Комитет мүшелерін Биржалық кеңес сайлайды;
 - 4) Егер Биржа президенті Комитет құрамында болған жағдайда, ол лауазымына байланысты Биржалық кеңес мүшесі бола отырып, (Биржа жарғысына сәйкес) Биржалық кеңестен Комитет мүшесі ретінде саналмайды;
 - 5) Бөлім бастығы лауазымына байланысты Комитет мүшесі болып табылады;
 - 6) "Қазақстанның қаржыгерлер ассоциациясы" Заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі – Ассоциация) өзі белгілеген тәртіпте Комитеттегі өзінің өкілін дербес түрде анықтайды;
 - 7) Комитет құрамына сайланған тұлғалар шексіз сан мәрте қайта сайлана алады;
 - 8) Комитет құрамының кез келген өзгерісі кезінде оның жаңа құрамы Биржалық кеңес шешімімен бекітілуі тиіс, бұл ретте, Комитет мүшелері жаңадан анықтаған (сайлаған) тұлғалар бұл шешім қабылданғанға дейін анықталған (сайланған) сәтінен бастап Комитет мүшелері уәкілеттілігін жүзеге асыруға құқылы;
 - 9) Уәкілетті орган Комитет құрамын келісітіруі тиіс³.
12. Комитетте өзінің өкілдерін анықтаған кезде Уәкілетті орган аталмыш Комитет мүшелері болмаған жағдайда олардың орнын басатын өзінің өзге қызметкерлерін анықтауға құқылы.
- Биржалық кеңестен Комитет мүшелерін сайлаған кезде ол аталмыш Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басатын Биржалық кеңестің өзге мүшелерін қосымша анықтауға құқылы.
- Комитетте өзінің өкілдерін анықтаған кезде Ассоциация аталмыш Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басатын өзінің өзге қызметкерлерін анықтауға құқылы.
13. Биржалық кеңес Комитет төрағасын Комитет мүшелерінен (осы тармақтың екінші абзацымен бегіленген айрықшалықты қоспағанда) сайлайды.
- Биржа қызметкері болып табылатын Комитет мүшесі Комитет төрағасы болып сайлана алмайды⁴.
- Биржалық кеңес Комитет төрағасы болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда оның орнын басуға құқылы Комитет мүшесін сайлауға құқылы.
14. Уәкілетті органнан Комитет мүшесінің, сондай-ақ Уәкілетті органның аталмыш Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басуға уәкілетті қызметкерлерінің уәкілеттік ету мерзімін Уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіпте дербес түрде (осы Қағиданың 15 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) анықтайды.

³ Мойындау Ережелерінің 9 тармағына сәйкес.

⁴ Мойындау Ережелерінің 9 тармағына сәйкес.

Биржалық кеңестен Комитет мүшелерінің, сондай-ақ аталмыш Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басуға құқылы Биржалық кеңес мүшелерінің уәкілеттік ету мерзімі оларды сайлаған Биржалық кеңестің уәкілеттілік ету мерзімі соңына жеткенде, осы Қағиданың 16 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, аяқталады.

Ассоциациядан Комитет мүшесінің, сондай-ақ Ассоциацияның аталмыш Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басуға уәкілетті қызметкерлерінің уәкілеттік ету мерзімін Ассоциация өзі белгілеген тәртіпте дербес түрде, осы Қағиданың 17 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, анықтайды.

15. Уәкілетті орган кез келген уақытта Комитеттегі өзінің жаңа өкілін анықтауға құқылы. Бұл ретте Уәкілетті органнан бұрын сайланған Комитет мүшесінің өкілеттілігі Уәкілетті органның Комитеттегі жаңа өкілінің сайлануы туралы Биржаға жіберген хабарламасында уәкілеттілікті аяқтау немесе аяқтамау өкімінің бар-жоғына қарамастан, автоматты түрде аяқталады.

Уәкілетті орган Комитет мүшесі болмаған жағдайда, Комитетте қандай да бір Уәкілетті орган өкілінің орнын басуға уәкілетті өзінің жаңа қызметкерін кез келген уақытта сайлауға құқылы. Бұл ретте Комитет мүшесі болмаған жағдайда, Уәкілетті органның Комитеттегі қандай да бір өкілінің орнын басуға құқылы аталмыш органның бұрын анықтаған қызметкерінің уәкілеттілігі, Уәкілетті органның Комитеттегі аталмыш органның қандай да бір өкілінің орнын басуға уәкілетті жаңа жұмыскерінің сайлануы туралы Биржаға жіберген хабарламасында уәкілеттілікті аяқтау немесе аяқтамау өкімінің бар-жоғына қарамастан, автоматты түрде аяқталады.

Биржа акционерлерінің жалпы отырысында Биржалық кеңес мүшелері жаңа құрамда сайланғаннан кейін, Уәкілетті органнан Комитеттің жаңа мүшелерін, сондай-ақ Уәкілетті органнан Комитет мүшелері болмаған жағдайда аталмыш органның Комитеттегі өкілдерінің орнын басуға уәкілетті жаңа қызметкерлерін қажетті жағдайда анықтау өтінішімен Биржа Уәкілетті органға дереу хат жолдайды. Бұл ретте Уәкілетті орган аталған өтінішке жауап ретінде ешқандай әрекет етпесе, онда ол Уәкілетті органнан жаңа Комитет мүшелерін және Уәкілетті органнан Комитет мүшелері болмаған жағдайда аталмыш органның Комитеттегі өкілдерінің орнын басуға уәкілетті жаңа қызметкерлерін анықтау қажеттілігін қарастырмайды деп түсіну керек.

16. Биржа акционерлері жалпы отырысының Биржалық кеңестің жаңа құрамын сайлауға байланысты жүзеге асырылмайтын Биржалық кеңестен Комитет мүшелерін бастапқы сайлауын қоспағанда, осы құрамда Биржалық кеңес мүшелерін сайлаған Биржа акционерлерінің жалпы отырысынан кейін өткен отырыста Биржалық кеңес Комитет мүшелерін сайлайды (қайта сайлайды).

Биржалық кеңестен кез келген Комитет мүшесінің уәкілеттілігін Биржалық кеңес кез келген уақытта мерзімінен бұрын аяқтауға және оның орнына Биржалық кеңестен Комитеттің жаңа мүшесін сайлауға құқылы.

Биржалық кеңестен барлық Комитет мүшелерінің уәкілеттілігін Биржалық кеңес кез келген уақытта мерзімінен бұрын аяқтауға және олардың орнына Биржалық кеңестен Комитеттің жаңа мүшелерін сайлауға құқылы.

Биржалық кеңестен Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған кезде олардың орнын басуға уәкілетті Биржалық кеңес мүшелері уәкілеттілігін Биржалық кеңес кез келген уақытта аяқтауға және олардың орнына (барлығының немесе бірқатарының) Биржалық кеңестен Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған кезде олардың орнын басуға уәкілетті жаңа Биржалық кеңес мүшелерін сайлауға құқылы.

Биржалық кеңес кез келген уақытта Биржалық кеңестен Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған кезде олардың орнын басуға уәкілетті Биржалық кеңес мүшелерін қосымша сайлауға құқылы.

17. Ассоциация кез келген уақытта Комитеттегі өзінің жаңа өкілін анықтауға құқылы. Бұл ретте Ассоциациядан бұрын анықталған Комитет мүшесінің уәкілеттілігі Ассоциацияның Комитеттегі жаңа өкілінің анықталуы туралы Биржаға жіберген хабарламасында

уәкілеттілікті аяқтау немесе аяқтамау өкімінің бар-жоғына қарамастан автоматты түрде аяқталады.

Ассоциация кез келген уақытта Комитет мүшесі болмаған жағдайда Комитеттегі Ассоциация өкілінің орнын басуға уәкілетті жаңа қызметкерін айлауға құқылы. Бұл ретте Комитет мүшесі болмаған жағдайда Ассоциацияның бұрын сайланған Комитеттегі өкілінің орнын басуға уәкілетті қызметкерінің уәкілеттілігі, Ассоциацияның Комитет мүшесі болмаған жағдайда бұрын сайланған Комитеттегі өкілінің орнын басуға уәкілетті жаңа қызметкерінің сайлануы туралы хабарламасында уәкілеттілікті аяқтау немесе аяқтамау өкімінің бар-жоғына қарамастан, автоматты түрде аяқталады.

Биржа акционерлерінің жалпы отырысында Биржалық кеңес мүшелері жаңа құрамда сайланғаннан кейін, Ассоциациядан Комитеттің жаңа мүшелерін, сондай-ақ Ассоциациядан Комитет мүшелері болмаған жағдайда аталмыш органның Комитеттегі өкілдерінің орнын басуға уәкілетті жаңа қызметкерлерін қажетті жағдайда анықтау өтінішімен Биржа Ассоциацияға дереу хат жолдайды. Бұл ретте Ассоциация аталған өтінішке жауап ретінде ешқандай әрекет етпесе, онда ол Ассоциациядан жаңа Комитет мүшелерін және Ассоциациядан Комитет мүшелері болмаған жағдайда Ассоциацияның Комитеттегі өкілдерінің орнын басуға уәкілетті жаңа қызметкерлерін анықтау қажеттілігін қарастырмайды деп түсіну керек.

18. Комитет төрағасы болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығына тартылған жағдайда оның уәкілеттілігін, Комитет төрағасы болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда, оның орнын басуға құқылы Комитет мүшесі жүзеге асырады. Комитет төрағасы болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда оның орнын басу құқығына бірнеше Комитет мүшесі ие болса, аталмыш Комитет мүшелерінен Комитет төрағасының уәкілеттілігін, жаңа мүдделер қарама-қайшылығының туындауын болдырмау үшін аталмыш Комитет мүшелерімен келісе отырып, бұл мақсаттарда сайлаған Бөлімнің мүшесі жүзеге асырады. Егер Биржалық кеңес Комитет төрағасы болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда оның орнын басуға құқылы Комитет мүшелерін сайламаған жағдайда, немесе Комитет төрағасының уәкілеттілігін Комитет төрағасы болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда оның орнын басуға құқылы кез келген мүшесіне тапсыру жаңа мүдделер қарама-қайшылығына әкеліп соқтырған жағдайда, Комитет мүшесінің уәкілеттілігін Комитеттің аталған мүшелерінен басқа, бұл мақсаттарда сайлаған кез келген мүшесі жүзеге асырады.

Комитеттің Уәкілетті органнан сайланған мүшесі болмаған жағдайда Комитеттің аталмыш мүшесінің уәкілеттілігін Уәкілетті органның Комитеттегі мүшелері болмаған жағдайда аталмыш органның Комитеттегі өкілдерінің орнын басуға уәкілетті қызметкерлерінің бірі жүзеге асырады.

Биржа Басқармасынан сайланған Комитет мүшесі болмаған жағдайда осы Комитет мүшесінің уәкілеттілігін Биржа Басқармасы мүшелері болмаған жағдайда (сырқаттануына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты) олардың Биржа белгілеген өзара орын басу тәртібіне сәйкес Биржа Басқармасының басқа мүшесі жүзеге асырады.

Егер Биржалық кеңес сайлаған Комитет мүшесі болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығына тартылған жағдайда оның уәкілеттілігін, Биржалық кеңестен сайланған Комитет мүшелері болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басуға уәкілетті, жаңа мүдделер қарама-қайшылығының туындауын болдырмау үшін аталмыш Биржалық кеңес мүшелерімен келісе отырып, бұл мақсаттарда сайлаған Бөлімнің мүшесі жүзеге асырады.

Бөлім бастығы болмаған жағдайда аталмыш Комитет мүшесінің уәкілеттілігін Бөлім бастығы міндетін атқаратын Биржа қызметкері жүзеге асырады.

Ассоциациядан сайланған Комитет мүшесі болмаған жағдайда аталмыш Комитет мүшесінің уәкілеттілігін Ассоциациядан сайланған Комитет мүшесі болмаған жағдайда оның Комитеттегі өкілінің орнын басуға уәкілетті Ассоциация қызметкерлерінің бірі жүзеге асырады.

Комитет мүшесінің уәкілеттілігін өзге тұлғаға, соның ішінде Комитеттің басқа мүшесіне тапсыруға тыйым салынады (осы тармақтың бірінші-алтыншы абзацтарына сәйкес уәкілеттілікті тапсырудың осындай жағдайларын қоспағанда).

19. Биржа қызметкерлері болып табылатын Комитет мүшелеріне Комитет мүшелерінің уәкілеттілігін атқарғандары үшін сыйақы белгіленбейді және төленбейді.

Биржалық кеңестен сайланған Комитет мүшелеріне Комитет мүшелерінің уәкілеттілігін атқарғандары үшін сыйақыны Биржа акционерлерінің жалпы отырысының шешімі белгілейді.

Осы тармақтың бірінші-екінші абзацында аталғандарды қоспағанда, Комитеттің басқа мүшелеріне Комитет мүшелерінің уәкілеттілігін атқарғандары үшін сыйақыны Биржалық кеңес шешімі белгілейді.

Комитет мүшелерінің уәкілеттілікті жүзеге асырғаны үшін сыйақы белгіленген жағдайда Биржалық кеңес мұндай сыйақыны төлеу тәртібін, соның ішінде Комитет қызметінде оның мүшелерінің қатысуының нақты дәрежесін ескере отырып, анықтауға құқылы.

20. Комитет Биржа президентінің келісімімен өз қызметін жүзеге асыру барысында білікті пікірді қалыптастыру мақсатында Комитет жұмысына бөгде сарапшыларды (мамандарды) тартуға құқылы.

Мұндай сарапшылардың (мамандардың) еңбегін төлеу Биржа Президентінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

3 тарау. КОМИТЕТ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

21. Биржаның "Қадағалау бөлімі туралы Қағида" атты ішкі құжатына сәйкес толтырылған және ресімделген күмәнді мәміле жайлы есеп беру файлын Бөлім осы мәміле жасалған күннен кейінгі бірінші жұмыс күні барысында электронды пошта арқылы Комитет мүшелеріне жібереді.

Бөлім күмәнді мәміле туралы есеп беру файлын және, бар болса, осы мәмілеге қатысты қосымша материалдар файлдарын, осы мәмілеге байланысты мүдделер қайшылығына тартылған, Комитет мүшелеріне жолдамайды.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).

22. Комитет төрағасы немесе Биржа Басқармасынан сайланған Комитет мүшелері Биржа мүшелеріне – осы мәміле тараптарына олардан күмәнді мәмілені жасау шарттарының жазбаша түрде түсініктемесін алу мақсатында аталмыш мәміле жайындағы файлды жіберу қажеттілігін белгілеуге құқылы.

23. Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ қосалқы топтарға бөлу туралы шешім қабылдайды, оның мақсаты, Департамент дайындаған мынадай құжаттар негізінде, тоқсанда бір рет, әр күнтізбелік тоқсанның басталуына дейін бес жұмыс күн бұрын, аталмыш бағалы қағаздардың нарықтық бағалауын жүзеге асыру болып табылады:

- 1) Комитет шешім қабылдар алдында кемінде үш ай бойы, Биржаның сауда-саттық жүйесінде Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ-мен жасалған мәмілелер туралы ақпараттар;
- 2) Комитет шешім қабылдар алдында кемінде үш ай бойы Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ орналастырылуы (қосымша орналастырылуы) туралы ақпараттар;
- 3) Комитет шешім қабылдар алдында кемінде үш ай бойы, Биржаның сауда-саттық жүйесінде Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ-мен жасалған мәмілелер бойынша сатып алушы үшін кірістілігінің (кірістілік қисығының) өтелуіне қатынасы туралы біріктірілген ақпараттары;
- 4) Комитет пікірі бойынша, оның шешіміне ықпал ете алатын, өзге де ақпараттар.

24. МБҚ нарық конъюнктурасы айтарлықтай өзгергенде және/немесе Қазақстан Республикасының МБҚ құрамы елеулі өзгергенде, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ нарықтық бағаларын орынсыз есептелуіне әкеп соғуы мүмкін, кез келген уақиғалар туындағанда, Комитет бір күнтізбелік тоқсан аралығында қосалқы топтардың санын және/немесе олардың параметрлерін – шекараларының мәнін, полиномиалды тренд теңдеуінің түрі және дәрежесін қайта

- қарауғады жүзеге асыруға құқылы. Осындай қайта қарау, Қазақстан Республикасы индекстелінбеген МБҚ бағалауы қосалқы топтардың жаңа саны және/немесе жаңа параметрлерін қолдана отырып жүзеге асырылатын күнтізбелік аптаның бірінші жұмыс күнінен кемінде бір күн бұрын жасалуы тиіс.
25. Комитет шешімін, бағалы қағаздардың нарықтық бағалауын жүзеге асыруға жауапты, биржаның құрылымдық бөлімшелері орындауы міндетті.
26. Осы тараудың 23 тармағында белгіленген және, Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ нарықтық бағалауын жүзеге асыру мақсатында қосалқы топтарға бөлу және осындай қосалқы топтардың параметрлерін анықтау үшін қажетті, Комитет шешім қабылдауға қажетті материалдарды Департамент дайындайды және Комитет мүшелеріне жолдайды:
- 1) Комитет отырысы өткізілетін күннен кемінде үш жұмыс күн бұрын, егер осы отырыста Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ қосалқы топтарға бөлу және, күнтізбелік тоқсан аяқталуына байланысты, осындай қосалқы топтардың параметрлерін анықтау мәселесі қаралатын болса;
 - 2) Комитет отырысы өткізілетін күннен кемінде бір күн бұрын, егер Комитет отырысы МБҚ нарық конъюктурасы айтарлықтай өзгеріп және/немесе Қазақстан Республикасының МБҚ құрамы елеулі өзгерген кезінде, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының МБҚ нарықтық бағаларын орынсыз есетеуге әкеп соғатын, кез келген уақиғалар туындаған жағдайда.
27. Комитет отырысы, қажеттілікке қарай, Мойындау ережелерінің⁵ 13 тармағында және Әдістеменің 2 тарауының 17 тармағында белгіленген нормалардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, өткізіледі.
- Комитет өз құзіреттілігіне қатынасты сұрақтар бойынша, көзбе-көз өткізілетін отырыстарында, немесе сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдайды.
28. Комитет отырысын, Комитет төрағасы немесе Биржа Басқармасынан сайланған, Комитет мүшесінің бастамашылығымен, немесе:
- 1) Уәкілетті органнан сайланған Комитеттің кез келген мүшесінің; немесе
 - 2) Комитеттің кез келген екі мүшесінің талабы бойынша шақыртылады (сырттай дауыс беруді өткізу туралы жарияланады).
29. Күмәнді мәміле жасасу мән-жайы туралы түсініктеме алу үшін, осы мәміле туралы есеп беру қаралатын, Комитет отырысна міндетті түрде Биржа мүшелері – осы мәміленің тараптары, сондай-ақ қажет болса, осы мәміле солардың клиенттік тапсырысымен жасалған, Биржа мүшелерінің клиенттері (клиенттерінің өкілдері) міндетті түрде шақыртылады (*осы абзац Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).
- Комитет отырысында Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ, нарықтық бағасын анықтау мақсатында, қосалқы топтарға бөлу және осындай қосалқы топтардың параметрлерін анықтау мәселесі қаралғанда, Комитет Төрағасы немесе Биржа Басқармасы отынан Комитет мүшесі Комитеттің осы отырысына, бағалы қағаздардың нарықтық бағалауын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің жұмысына жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшесін, сондай-ақ осы құрылымдық бөлімшенің жетекшісін шақыртуға құқылы.
30. Комитеттің отырысын жүргізу мақсатында, Комитет мүшелері немесе Биржа қызметкерлері арасынан, тұрақты негізде, отырыс нәтижелері бойынша Комитеттің тұжырымдарын және шешімдерін құрастыру үшін, Комитет хатшысын немесе Комитет отырысының хатшысын белгілеуге/сайлауға (анықтау/сайлау) құқылы.

⁵ Мойындау Ережелерінің 13 тармағына сәйкес Комитеттің Биржа бекіткен тұжырымы "күмәнді мәмілені анықтау күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей" және Биржалық кеңестің аталмыш тұжырымды бекіткеннен кейін үш күн арасында Уәкілетті органға ұсынылуы тиіс.

31. Күмәнді мәміле туралы есеп беруді қарастыру кезінде Комитет отырысының қатысушылары аталмыш мәмілеге қатысты кез келген қол жетімді ақпаратты, соның ішінде Комитет жұмысына тартылған бөгде сарапшылар (мамандар) пікірлерін, Биржа мүшелері – аталмыш мәміле тараптары және/немесе клиенттік тапсырыстарының негізінде осы мәміле жасалған Биржа мүшелерінің клиенттері ұсынған аталмыш мәмілені жасау шарттарының жазбаша және ауызша түсініктемелерін назарға алуға құқылы.

Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ, нарықтық бағасын анықтау мақсатында, қосалқы топтарға бөлу және осындай қосалқы топтардың параметрлерін анықтау мәселесі қаралғанда, Комитет отырысына қатысушылары оңтайлы шешім қабылдауға себептесетін кез келген қол жетімді ақпараттарды пайдалануға құқылы

Комитет отырысының қатысушылары Комитет мүшелерінің уәкілеттілігін жүзеге асыру барысында мұндай уәкілеттілікті адал жүзеге асыра отырып, және бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ұжымдық мүдделерін барынша дәрежеде қарастыратын тәсілдерді қолдана отырып, тәуелсіз әрі объективті болуы тиіс.

32. Комитет шешімі мүшелеренің жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыс берумен қабылданады (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

Қандай да бір күмәнді мәмілеге қатысты Комитет шешімін қабылдау кезінде, осы мәмілеге байланысты мүдделер қайшылығына тартылған Комитет мүшелері, Комитет отырыс өткізілетін ғимаратта болуына және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ *(осы абзац Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

Сырттай дауыс беруді Комитет мүшелері, осы Қағиданың 1 қосымшасында берілген нұсқа бойынша құрастырылған, сырттай дауыс беру бюллетеньдерін толтыру арқылы жүзеге асырады. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерін Комитет мүшелеріне Бөлімнің немесе Департаменттің қызметкерлері ұсынады. Ұсынылған күннен кейін екі жұмыс күн аралығында Комитет мүшелерінен алынған бюллетеньдердің кворумы болған жағдайда ғана сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданды деп саналады.

33. Бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалған деп мойындау мәселелері жөніндегі Комитет шешімдері, осы Қағиданың 5 тармағында белгіленген нормалардан шыға отырып, Комитет дербес түрде анықтаған нысан бойынша, тұжырымдама ретінде рәсімделеді.

Қазақстан Республикасының индекстелінбеген МБҚ, нарықтық бағасын анықтау мақсатында, қосалқы топтарға бөлу және осындай қосалқы топтардың параметрлерін анықтау туралы Комитеттің шешімі жазбаша түрде, Комитет осы тараудың 23 тармағында белгіленген нормалардан шыға отырып дербес түрде анықтаған нысанда, рәсімделеді

Комитет тұжырымдамаларында бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық немесе қызметтік құпияны болып табылатын ақпараттар болмауы тиіс⁶.

34. Комитет тұжырымына Комитет төрағасы немесе осы Қағиданың 15 тармағына сәйкес оның уәкілеттілігін жүзеге асыратын тұлға және Комитет хатшысы немесе Комитет отырысының хатшысы (осы тармақтың екінші абзасында белгіленген айрықшалықты қоспағанда) қол қояды.

Егер Биржалық кеңес Комитет төрағасын немесе Комитет төрағасы болмаған немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда оның орнын басуға құқылы Комитет мүшелерін сайламаса, немесе Комитет тұжырымдамаға осындай тәсілмен қол қою туралы шешім қабылдаса, Комитет тұжырымдамасының дайындалуы (берілуі) үшін дауыс берген отырыстың барлық мүшелері аталмыш тұжырымдамаға қол қояды.

35. Осы Қағиданың 34 тармағына сәйкес Комитеттің қол қойылған тұжырымы Биржалық кеңестің жақын арадағы отырысында (Комитет отырысы өткеннен және аталмыш тұжырымға қол қойылғаннан кейін) Мойындау Ережелерінің 13 тармағында белгіленген нормалардың сақталуын қамтамасыз ететіндей мерзімде қарастырылуы тиіс.

⁶ Мойындау Ережелерінің 12 тармағына сәйкес.

4 Бөлім. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

36. Комитет мүшелері және олардың орнын басуға уәкілетті (құқылы) тұлғалар Комитет мүшелерінің уәкілеттілігін жүзеге асыруға байланысты алған ақпараттың, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті, және мұндай міндеттемені бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.
37. Осы Қағидада белгіленген нормаларды бұзғаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Комитет мүшелеріне және олардың орнын басуға уәкілетті (құқылы) тұлғаларға қатысты:
- 1) Комитет мүшелері немесе олардың орнын басуға уәкілетті (құқылы) тұлғалар қатарынан (осы Қағиданың 12-14 тармақтарында белгіленген тәртіпте) алып тастау;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның жарғысы мен басқа да ішкі құжаттарына сәйкес ықпалшаралар қолдануы мүмкін.

Президент

Қ.Қ.дамитов

Сараптық комитет туралы
қағидаға

1 қосымша

**Сараптық комитет мүшесінің (тегі, инициалдары)
сырттай дауыс беруіне арналған
Б Ю Л Л Е Т Е Н Ъ
(сұрақ мәтіні) сұрағы бойынша**

Алматы қ.

XX ай 20XX жыл

Сырттай дауыс беруге шығарылған сұрақ:
(сұрақ мазмұнының мәтіні)

ҚОЛДАЙМЫН	ҚАРСЫМЫН	ТАРТЫНАМЫН
<hr/> (қол қою орны)	<hr/> (қол қою орны)	<hr/> (қол қою орны)

Түсіндірме:

Дауыс беру нұсқасының графасына қол қойып, бюллетеньді Биржаның (бөлім атауы) мамандарына, факс арқылы (факстің нөмірі), электронды пошта арқылы (эл.мекен-жай), немесе Биржаның орналасқан жеріне шабарманмен жолдауыңыз қажет.

Жоғарыда аталмыш бюллетеньнің түпнұсқасы Биржаның (бөлім атауы)-на ұсынылуы тиіс.